

Ахмеджанов Асад Бисенгазыевичтің
6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім
мазмұнындағы халықтық дәстүрлер» диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми консультанты педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Е. Жұматаеваның

Пікірі

Білім және ғылым кеңістігінде инновациялық технология модернизация мүддесіне сәйкес күннен-күнге геометриялық прогрессиямен өркендеп келеді.

Әлемдік және Қазақстан Республикасының ғылымға қояр талаптары зерттеушілерге түйіні тұтқиыл, шешімі қиын мәселелерді қарастыруға, ұлттық рухани құндылықтардың жаңа бетбұрыстарға бағдарлану тұстарын қамтуға, ұлттық кодтың көрінісі, ұлттық сананың ізгілікті өмір сүруіне мүмкіндік жасауын қоғамдық сұранымға лайықтау бүгінгі зерттеушілердің зерделеу нысаны екені анық. Аталып отырған қоғам сұранымының орындалу барысы заң қызметкерлерінің қылмысты істерді әділ, нұсқалы, түбірлі шешулерімен тікелей байланысты. Мұндай мәртебені іске асыратын мамандар даярлауда жоғары оқу орнының атқарар қызметі ерекше. Болашақ заңгерлердің қылмыстық істерді зерделеуде психологиялық және педагогикалық біліктіліктері халықтық дәстүр негізінде айтарлықтай еместігі өмір тәжірбиесінен байқалып жүр.

Бұндай көкейкесті мәселелерді шешуде докторант алдымен тақырыбының әрбір ұғымына мән беріп, «кәсіби қажетсіну уәж», «халықтық дәстүр», «әдіснама», «білім мазмұны» және т.б. аталымдардың зерттелу барысын анықтап, оған өздігінен жаңа ой-тұжырымдар жасағаны зерттеу нысаны мен пәнінің маңыздылығын ашуға мән берген.

Асад Бисенгазыевичтің зерттеу нысанын тек отандық ауқымда алмай, оны жаһандық кеңістікте зерттеуіне шетел ыссапарларының да тигізген пайдасы мол.

Диссертацияда ғылыми зерттеудің мәні логикалық тұрғыда айқындалып, оның құрылымы кіріспе, үш тарау, қорытынды, зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиет тізімдерінен тұрады. Докторант зерттеу барысында болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыруды теориялық – әдіснамалық тұрғыда қарастырған. Оның тиімділігін тәжірбие жүзінде сынақтан өткізген.

А. Б. Ахмеджановтың бұл ғылыми еңбегінде өзінің көкейкесті мәселесіне қатысты басқа зерттеу жұмыстарын саралап – зерттеу үдерісінде құнды және пайдалы тұстарына зер салып, оған дәйекті дәлелдер келтірген.

Докторант болашақ заңгерлердің кәсіби уәжін қалыптастырудың негізі ретінде білім мазмұнындағы халықтық дәстүрлер құрылуына, олардың ұлттық болмысты сақтай отырып, қылмысты болған екі жақты тең ұстап, әділ шешім қабылдауда тіл мен ойлау шеберлігін сараптама жүргізуде психология білімі мен педагогикадан кәсіби біліктерінің жеткілікті болуларын, жоғары оқу орнындағы білім игеруді толық-

тұжырымдық жүйеде қамтамасыз етуді іске асыру басымдықта екеніне орынды тоқталған. Жоғарыда жалпы айтылған сараптаманы нақтылай түссек, төмендегідей жаңалықтарды атап өтуге болады:

1 Болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүр негізінде қалыптастыру мәселелерін ғылыми – теориялық тұрғыда анықтаған және оны арттырудың қажеттілігін айқындау мен оны іске асырудың мәнін ашқан;

2 Болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастырудың жағдайы мен ұлттық рухани құндылықтарының үйлесімде құрылуын қарастырған.

3 Болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы қалыптастырудың модельін жасаған және халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастырудың амалдарын саралаған.

4 Заңгерлердің психологиялық негіздері тақырыбына құрылған пәнді оқу үдерісіне енгізген және модельдің тиімділігін эксперименттік-тәжірбиеден өткізген.

Тәжірбиелік – эксперимент жұмысы талапқа сай, сауатты тұрғыда ұйымдастырылып өткізілген. Алынған нәтижелердің әдіснамалық негізділігі теориялық тұжырымдармен, ережелерден туындап, деректемелермен дәйектелген.

Диссертацияны орындауда А. Б. Ахмеджанов тиімді әдістерді пайдаланып, зерттелу желісін, құрылым-жүйесін дұрыс жоспарлауға қозғаушы күш боларлық зерттеу міндеттемелерін ғылыми қағидалар талабымен құрған. Қайшылықты тақырып таңдауға дұрыс құрған докторант ғылыми гипотезасын тәжірбиелік-эксперимент нәтижелерімен бекітіп, дәлелдеген.

Зерттеу жұмысының нәтижелері докторант баяндамасымен ұсынылып, халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, сонымен бірге ККСОН МОН РК ұсынылған журналдарда және шетел ғылыми журналдарында, Scopus-тың индекс базасында жарияланған. Бір сөзбен айтқанда, диссертация мазмұны мемлекеттік тілде, орыс тілінде және ағылшын тілінде жарияланып, көпшілік талқысына ұсынылған.

А. Б. Ахмеджанов бұл ғылыми зерттеу жұмысын өздігінен дербес орындағаны, оның логикалық тұрғыда қорытылғаны, ғылыми жаңалықтарының тақырыпты ашуға көмегінің болғаны, теориялық және тәжірбиелік мәнділігі жоғары екендігі, диссертациялық жұмысты орындауға қойылған талаптарға жауап беретіні ескеріліп, «Болашақ заңгерлердің кәсіби қажетсіну уәжін білім мазмұны арқылы халықтық дәстүр негізі ретінде қалыптастыру» 6D010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша диссертация, PhD докторы ғылыми дәрежесін алу үшін көпшілік қауым алдында қорғауға ұсынылады.

Ғылыми кеңесші:
п.ғ.д., профессор



E. Zhumataeva Е. Жұматаева

«С.ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ»	
<i>E. Zhumataeva</i>	КОЛЫН РАСТАЙМЫН
ПОДПИСЬ	ЗАВЕРЯЮ
ҚББ БАСТЫҒЫ/НАЧАЛЬНИК ОУП	<i>[Signature]</i>
«ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ.С.ТОРАЙҒЫРОВА»	